


Облыстық С.Жиенбаев атындағы жасөспірімдер кітапханасы



Электронды пошта: labrari@mail.ru
Сайт: www.aktobeoub.kz
Телефондары: 50-44-48; 53-01-10.
Бейбішлік даңғылы, 17.

Сати
Жиенбасев







Саги
Жиенбаев

Жадымдасын,
жас күнім

ТАНДАМАЛЫ

«ЖАЗУНЫ» БАСПАСЫ

Алматы — 1972

Саги Жиенбаев — сөз сиқырын бойына сіңіре білген санаулы ақындарымыздың бірі. Көзі қырағы, қолы зергер автордың жырлары күнге қызынған күндиз сауыры, аспанга лактырган айна сынығы сияқты: сәулелі де шұғылалы, нұрлы да сырлы. Шағын да болса, жалынды; аз да болса, назды. Ой мен сезімте егіз суарылған қылышты шумактар ыстық алаканға қона қалған ақша қар тәрізді тіліңізге тиген бойда-ак еріп жүре береді... Оқырманға алғаш рет ұсынылып отырған бұл таңдамалы топтамага айтулы ақынныздың, негізінен, міне осындей туындыларын енгіздік.

„ДАЛА ГҮЛІ“
КІТАБЫНАН



ҰНАТАМ

Мен бәріңмен бауырмын —
Көктем, гүлінді ұнатам.
Ал, ашулы дауылым,
Әктемдігінді ұнатам.

Қозгалмайсың, шынарым,
Байсалдығыңды ұнатам.
Қия кезген қыраным,
Қайсарлығыңды ұнатам.

Асу бермес тауларым,
Биіктігінді ұнатам.
Қиялым мен арманым,
Жүйріктігінді ұнатам.

Теніз, буырқанасың,
Өрлігінді ұнатам.
Дала, дала, даласың,
Кендігінді ұнатам!



Дүние қалдырмады көштен мені,
Талпынып бала қиял төске өрледі.
Өмірге келгенім жоқ күйеу болып,
Ол маған тегешімен төс бермеді.

О кезде... мен омірден сыр үқпайдым,
Карсы алдым жүргегім мен күліп боріп.
О кезде ойламадым кейбір шакта
Тұрарын тағдырыңың тігіп көрін.

Өстім мен Байсарының алабында
Күйдіріп Баштайды қара құмға.
Тотыкқан мандайымдан сипады күн,
Қалдырып ыстық табын жанарымда...

Кеудеме күй нөсерін токпейді әлі,
Кетуші ем көл жағалан беткейге әрі.
Қызғанып жұмыртқасын айнала үшкан
Қызығыштың құлагымнан кетпейді әні.

Күстар да жаратпады селтенімді,
Кырат та айтындаі ерке гулді,
Есер жел жұлқылады етегімнен,
Ақ дауыл ала қашты телинегімді.

Қарамай тал бойыма тауды кездім,
Көп журдім көл бойында жалғыз озім.
Табиғат сырларымен, жырларымен
Кеудеме күйса дедім бар мінезін.

ЛЕНИН ТУРАЛЫ ЖЫР

Жолдас Ленин, күнбекүн
Жұмыс саған жетеді.
Демалмайсың бір де күн,
Демалсаң бір не етеді?

Кең өлкеде үйіліп,
Күтіп тұрган көп-ақ іс...
Алсаңшы бір тынығып,
Алсаңшы бір демалыс.

Шаруаларға жай керек,
Заводтарға пұл керек.
Машинаға май керек,
Детдомдарға ұн керек,

Балғындарға бал керек,
Бар жеріңе нұр керек,
Солдаттарға наң керек,
Сардалаға су керек.

Талай асыл әлі де
Тауларыңың қойнында...
Бәрі, бәрі, бәрі де,
Бәрі сенің мойнында.

Жолдас Ленин, сөзінді
Күтіп отыр ел алып,
Күтсенші бір өзінді,
Келсенші бір демалып!..

* * *

Көк орманның арасы,
Айналасы бақша екен.
Қалың екен ағашы,
Келген жерің жақсы екен!

Құйқылжытып асыға
Құстар әнге салады.
Көк теректің басына
Көктем шығып барады.

Көңілді ме орманды,
Қалай, саган үнай ма?
Көптен журіп алғанда
Келдің бе тек бір айға?

Бір ай деген немене,
Өтеді де кетеді.
Әдейі арнап келгенде,
Көптеу алсаң не етеді?

Бір тынбайсың күнімен,
Бір тыным жок жаныңа.
Жазасың ба түнімен,
Жатпайсың ба тағы да?!

Қиялыңды самғатып,
Ойлайсың-ау бар елді...
Келе жатыр таң да атып,
Көз шырымын ал енді!

* * *

Жұмыстарын бітіріп,
Жаңа ғана жатып ед.
Жан-жағынан жұтынып,
Торғай берді-ау ақырет.

Көп болмайды мұнда өзі,
Көңілденіп жүрсе екен.
Ашық болып күн көзі
Аспан жайнап тұрса екен.

Шулап қайда барады,
— Эй, балалар, бермен кел.
Кепкі киген ағаны
Көп мазалай бермендер...

Келді бір топ арбамен,
Тағы соған барады-ау.
Болар-болмас шаруамен,
Бар уақытын алады-ау.

Топырлайды ал, міне...
Не дейсің бұл жандарга.
Ұсак түйек әңгіме
Айтатыны барғанда.

Жоқ-ау соның көбінде ой,
Жатыр адам тынығып...
Бірақ Ленин, Ленин гой,
Қарсы алады жымыны!

* * *

Сала берме ән-күйге,
Сәл тыныштал, жел-әншім.
Жер, алып жер, әлдиle,
Жолдас Ленин демалсын,

Байтак елін, өз елін
Бір басына сыйғызып,
Үйықтап жатыр, өзенін
Өз миына құйғызып.

Тұра салып ертемен
Тынышмайды ол тағы.
Осынау кең өлкемен
Ойы тағы жортады.

Жұмысы көп өмірде,
Жатар еді болмаса,
Демалыс жоқ Ленинге,
Үйықтап демін алмаса!

Болды міне неше күн,
Демалған жоқ ол мұнда.
Наны, сұы осы елдің
Бәрі соның мойнында.


Жолдас, Ленин, үйіліп,
Күтіп тұрған көп-ак іс...
Алсаңшы бір тынығып,
Алсаңшы бір демалыс!

БӨБЕК

Қарлыгашқа

Әкеліп сезімді өзге Қарғаш-гүлім,
Толқытты-ау көкірегімді алғаш бұгін.
Көрейіш қызығыңды тағы... тағы...
Осылай өмірбойы жалғас, күнім.

Мен бұлай тебіренбен ем, тәгілмен ем,
Балқыды-ау от тигендей менің денем.
Бетінен бәбекімнің сүйген сайын
Тәтті бол барады ғой өмір деген...



Ата-анам атап атымды,
Ұсынды маган бак-көрік.
Ұсындым махаббатымды
Оларға мен де қақ бөліп.

Жас жарым атап атымды,
Ұсынды маган гүл шоғын.
Әзгеше махаббатымды
Өзіне бердім бір сөнің.

Бәбекім айтпай атымды,
Отына жаның ораиды.
Басқа бір махаббатымды
Еріксіз тартып ол алды...



Сен жакта шолпан жұлдыз тұр ағарып,
Сен жакқа қарай берем құмарланып,
Сен жакқа алқынады асау өзен
Құзынан көкірегімнің құлап ағып.

Дарияның ақ жүзігін ала қашып,
Көп толқын барады әне жағаласып.
Тулаған толқын емес, илан, жаным,
Жүргегім ол да менің саған ашық.

Әндептіп аспан деген теңізбенен
Барады құстар ұшып көл іздеген.
Құс емес көлбендерген көк айдында,
Көңілім ол да менің сені іздеген!..

А К Т О Б Е Э У Е Н Д Е Р І

ТУҒАН ЖЕР

Сенде тұңғыш жүрдім де,
Сенде тұңғыш құладым.
Сенде тұңғыш күлдім де,
Сенде тұңғыш жыладым.

Іңгәлаған үнімді
Сенің дөңің тыңдаған.
Естімеген жырымды
Сенің желің жырлаған.

Көзімді ашып алғанда
Сенің қырың көргенім.

Кырға тұңғыш барғанда,
Сенің гүлің тергенім.

Тұңғыш рет шөлдесем,
Сенің сұың ішкенім.
Тұңғыш рет терлесем,
Сенің көлің түскенім...

* * *

О, тұған жер, барымтың
Сәттілері сенікі.
Балы болса жаңымтың
Тәттілері сенікі.

Жүрегімде жыр болса,
Наздылары сенікі.
Көкейімде күй болса,
Саздылары сенікі.

Менің тұла бойымның
Бұлан күші сенікі.
Кияға үшқан ойымның
Кыран кұсы сенікі.

**Озып келсем бәйгіден,
Орамалым сенікі.
Қақ алдыңа жайдым мен...
Қалаганың сенікі!**

ЖКОЛДА

... Келеді өгіз ілбіп басып аяғын,
Шиқылдайды қос доңгалак,
баяғы үн...
Жалғыз серік — алдымдағы жануар,
Жалғыз қару — қолымдағы таяғым.

Қас қарайған, кеткен мана күн батып,
Келем жалғыз жапан түзде түн қатып.
Келем әлі қос доңғалақ шиқылын
Қара жолдың құлагына тыңдатып.

Айналама қара нерде құрғандай,
Менреу еді тұнжыраған түн қандай!
Маган қарап ескі қыстау ішінен
Мың жалмауыз атылғалы тұргандай.

Тұк көрмейді қос жанарым бұлдырап,
Келемін тек сорлы өгізді ұргылап.
Сатпақ-сатпақ шыт көйлектің ішіне
Мөлдір тамшы домалайды құлдырап...

Қайда менің, қайда менің кешегім,
Қайда менің жылы ғана төсегім.
Ақ төсінде маужырап кеп үйіктайтын
Қайда бүгін от құшагы шешенің?!

«Соғыс!.. дейді,— қабырғаңды қайырған,
Сол сенің де жүрегіңе жай ұрган.
Соғыс!.. дейді анам мені құшактап,—
Сенің жалғыз көкешіңен айырған!»

Мен білмеймін соғыс деген не екенін,
Жұртпен бірге шоңқай қазып кетемін.
Жұртпен бірге қас қаая бүрсендер,
Бір дорбасын мен де арқалап жетемін.

Мен білмеймін соғыс деген не екенін,
Кейбір үйден маган зарлы жетеді үн.
Сол дауыстан кейде шошып оянып,
Сол дауыспен кейде үйқыға кетемін.

Мен білмеймін соғыс деген не екенін,
Жаспын әлі, жетіге енді жетемін.
Міне осылай тұнделетіп ауданға
Мен колхоздың майын тасып кетемін!..

Ой түбінен бір шығамын, бір батып,
Келем әлі жапан түзде түн қатып.
Келем әлі қос донғалак шиқылын
Қара жолдың құлағына тыңдатып.

Келеді эне шығыс жактан таң атып,
Күллі әлемге күлгін бояу жалатып.
Сонау алыс көкжиекке қараймын
Мандайымды күн жолына қаратып

Келеді өгіз ілбіп басып аяғын,
Шикылдайды қос доңғалак,
Жан достарым, дәл осылай басталды
Ұзак жолым — менің өмірбаяным!

МЕН ТҮҮП-ӨСКЕН ДАЛАДА

Мен түшп-өскен далада
Боранның жырлайтыны бар.
Ақ түтек болып айнала,
Аптығып тулайтыны бар.

Бұлығып келіп жаныңа,
Бұрқырап борайтыны бар.
Айналып өтіп тағы да
Алдыңнан орайтыны бар.

Ал енді кейде болдырып,
Аяңдап жүретіні бар.
Суыққа сені тоңдырып,
Сақылдалап күлетіні бар.

Қытықтап бүкіл депенді,
Құлактан бұрайтыны бар...
Сағынып елге келгенде,
Соның да ұнайтыны бар!

СЫР

Жас кеттім, Жарқамысым, жалғыз кеттім,
Жаныма жарық болар таңды іздеппін.
Құлшынып қия белде қиял қуып,
Көкейден қоңыр сазды әнді үзбеппін...

Көрейін күйі болса көл-көсір деп,
Көңілімді кеттім алыс өрге сүйреп,
Әкеттім тау қойына, шың қойына,
Туған жер осалдығын көрмесін деп.

...Талпындым, өрге шықтым, құлдырадым,
Үйрендім ерке назды бұлбұл әнін.
Кеудемде күндіз-туні жырласын деп,
Келдім де құйып алдым мың бұлағын.

Орнатып жүрегіме шырын гүлін.
Аралап көрдім не бір шыңын... нуын...
Көлкіген көп өзеннің өрлігі мен
Орманның жия бердім сұлулығын.

Сен үшін жиғдым бәрін, өбейін деп,
Бәрін де бір өзіңе төгейін деп.
Осынау тасып жатқан тар кеудеммен,
Тұған жер, сені құшын көрейін деп!..

ҚАРАҚАЛПАҚ ЖЕРІНДЕ



Қанатым болды ақ түйғын,
Қалықтап келем көкте мен.
Арындаң ұшқан аққұдың
Алдына түссем деп келем.

Аспанда шырқап келемін,
Асулар жатыр алдымда...
Айтулы мықтым сен едің,
Ақша бұлт, артта қалдың ба?

Желкелеп құдым құсынды,
Жете алмай қалды жел маған.
Көрейін, дауыл, күшінді,
Кәнеки өзің ер маған!..

Тұратын еді-ау жұлдыздар,
Жұлдыздар ғана үстінде.
Асқақтап едің, шың-құздар,
Астыма бәлем, түстің бе?



Құрбыға назын айтып қырда жігіт,
Қыздары билейді екен суда жүріп.
Балбырап бар денесі күндіз-түні
Бұл өлке тұрады екен жыр жамылып.

Баласы домбыраны бұрап алып,
Бұлағы шың басынаң құлап ағып,
Балқытып тал бойынды, тамсандырып,
Бар даға жырлайды екен тұра қалып.

Күй тартып құйқылжыта бар өлкесі,
Құмарта тыңдайды екен тау өркеші.
Қайталап құрағы да, қияғы да,
Қалықтап жүреді екен ән еркесі.

Өзендер өршелене жатқан ағып,
Өлеңмен кіреді екен баққа барып.
Күнрентіп кетеді екен осы кезде
Амудың толқындары жаттап алып...

АҚЫН ДОСКА

Саялы Бозатауыңың
Самалы сүйді бетімді.
Алдыман шықты Амуың
Аңқылдал өзің секілді.

Жайлауын көрдім көңілдің,
Жақсы бір күйге түстім мен.
Қаздары мөлдір көліңнің
Қиқулап өтті үстімнен...

Келгелі өзім осында
Көңілсіз өткен жоқ бір күн.
Қаумалап келіп қасыма
Құшактап жатыр көп құрбым...



Амалсыз қош айтысып гүлді бақпен,
Айдын көл, асау дария, мың бұлақпен.
Аттанып келем бүгін Алматы ма,
Аспанның ақ төсінде құлдырап мен.

Кеудеме күн нұрындай ыстық алыш,
Бір үшқын жүрегінен түсті барып.
Шок гүлін қолыма ұстап сол жүректің
Мен міне Алатауга ұштым алыш.

Мен тіпті ұмытпаймын әр құзыңды,
Сақтаймын көкірегіме тау, түзінді.
Мың есе сақтаймын мен көкейімде
Ақ пейіл анаң берген дәм-тұзыңды.

Бұл жерде өзен қандай, бақтар қандай,
Бәрі де жүрегімде сақталғандай,
Жалтақтап қарай берем әлі артыма
Аулымнан өзім туған аттанғандай!

ТЕҢІЗ ЖЫРЛАЙДЫ



Сырларын көкірегіне түйіп алыш,
Көк теңіз дөңбекшиді ыңыраныш.
Тентегім, тынба деймін, тула деймін
Тәкаббар кеудесінде тұрып алыш.

Оның да өрлігі сай тұлғасына,
Жетеді өз ашуы бір басына.

**Алқынып, ақ көбігін бұрқыратып,
Ақырып атылады шың басына.**

**Койсын ба буырқанған күш атылмай,
Ол кейде құс бол жерден ұшатындай.
Ол кейде бұрқ-сарқ етіп ышқынады
Жер жүзін құшағына ап қысатындей.**

**Айнала аласалыран күңгірттеніп,
Толқындар шиratыла мың бүктеліп,
Тұрады көлегейлеп күннің көзін
Нән таулар теңізбенен сырғып келіп.**

**Қара бұлт шаршағандай қона қалып,
Жатады жер бауырлап о да барып.
Бұлтты да сұңгітеді тереңіне
Көк теңіз толқынымен орап алып.**

**Секіріп жартастардың жалап басын,
Туласын, аңқылдасын, далактасын.
Вәрі де өз бойына жарасады
О баста теңіз қылып жаратқасын!**

БАЛЫҚШЫ СЫРЫ

**Білмейсің кейде қайда ауыл,
Жүресің ұзак елді ойлап.
Көк теңіз сенің жайлауың,
Кетесің соған бел байлап.**

**Теңіз де жайлау кәдімгі,
Оның да сансыз бар қойы.
Көрмейсің біраз жарыңды,
Кетесің неше ай бойы.**

Қайыққа мініп таң алды,
Желкенді желге жайдың ба,
Құмарта жұтып самалды,
Қалқисың көкшіл айдында.

Ал кейде бұрқ-сарқ болды да,
Ақ дауыл тұрды — не етесің.
Қараңғы теңіз қойына
Қайықпен сұңгіп кетесің.

Көресің теңіз күшін де,
Бір шығыл,
бірде батасың.

Қараңдап дүлей ішінде
Қалтылдап бара жатасың...

Аңсайсың әбден сағына,
Ауылға бір күн қайтасың.
Жантайып жатып жарына,
Жыр қылып бәрін айтасың!



Тәтті үйқының құшагында кең дала,
Бұл төңіректе үйқтамаған мен ғана.
Көз жұмулы, ал көңілім ел жакта,
Сәулем менің, бар көңілім сен жакта.

Мен отырмын жыр жолына қадалып,
Аспан асты келе жатыр агарып.
Көзім жырда, ал көңілім ел жакта,
Сәулем менің, бар көңілім сен жакта.